



78-НЭБЭ СҮРЕСІ:

Меккеде түскен. Қырық аят.
 Аса қамқор, ерекше мейірімді
 Алланың атымен бастаймын.
 Олар не нәрсeden сұрасады? (1) Зор
 уақиғадан. (2) Олар, ол жөндө
 таласуда. (3) Әсте олай емес, олар
 тез біледі. (4) Тағы олай емес, олар
 тез біледі. (5) Жерді бір төсөніш
 қылмадық па? (6) Тауларды қазық...
 (77-С. 27-А.) (7) Сендерді жұп-жұп
 жараттық. (8) Үйқыларыңды дем
 алыс қылдық. (9) Тұнді жамылғы
 қылдық. (10) Құндізді тіршілікке
 жараттық. (11) Үстеріце жеті қат
 берік көк құрдық. (12) Жарқыраған
 шырақ (күн) жараттық. (13)
 Сығылысқан бұлттардан мол
 жаңбыр жаудырдық. (14) Онымен
 дәнді дахылдарды, өсімдіктерді
 шығару үшін; (15) Және ну
 бақшалар... (16) Расында билік күні,
 белгілі болған бір мерзім. (17) Сүр
 үрілген күні, топ-топ келесіңдер.
 (18) Кектер сөтінеп есіктер пайда
 болады. (19) Таулар жүргізіліп,
 сағым болады. (20) Элбетте тозақ



күтіп тұрады; (21) Азғындардың
 барап жері. (22) Олар онда
 ғасырларша тұрады. (23) Олар онда
 салқындармайды да сусын татпайды.
 (24) Бірақ қайнап тұрган су және
 ірің ішеді. (25) Қылмыстарына сай
 бір жаза. (26) Өйткені олар, есепке
 тартылууды ойламаған еді. (27)
 Аяттарымызды мұлде жасынға
 шыгарған еді. (28) Әр нәрсені
 жазып, сақтадық. (29) "Енді
 татындар; ал енді сендерге азаптан
 басқа еш нәрсе таттырмаймыз"
 (делінеді.) (30)



Негізінде тақуалар үшін құтылу бар. (31) Бақшалар, жүзімдер бар. (32) Жас өспірім құрдас қыздар бар. (38-С. 52-А., 56-С. 37-А.) (33) Толып, тасыған кәсе бар. (34) Олар онда бос сез және өтірік естімейді; (35) Раббыңнан толық бір сыйлық. (36) Кектер мен жердің әрі арасындағылардың Раббы; аса есіркеуші, Оған ешкім тіл қата алмайды. (37) Ол күні Жебрейіл (F.C.) және періштелер, тізіліп тұрады. Алланың рұхсатының ешкім сөйлемейді әрі дұрысын ғана

сөйлейді. (38) Сол күн хақ. Ендеше кім қаласа, Раббына баар жол тұтын. (39) Негізінде жақын бір азапты ескерттік. Ол күні алдын ала не істегеніне қарайды. Көпір: "Әттең! Топырақ болып кеткен болсам" дейді. (40)

79-НАЗИФАТ СҮРЕЦІ

Меккеде түскен. Қырық алты аят. Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын. Сүңгіп шығаруши, (1) Баяу тартушы, (2) Малтап кетуші, (3) Жарысып озуши, (4) Сондай-ақ істі меңгеруші періштелерге серт. (5) Ол күні қатты сілкініс болады. (6) Оның артынан тағы бір сілкінеді. (7) Ол күні жүректер тітіреиді. (8) Кездері төмен қарайды. (9) (Олар): "Шын, қайта тірілеміз бе?" - дейді. (10) "Қоқым, сүйек болған сәтте де?" (11) (Олар): "Ендеше ол қайғылы бір қайту екен" дейді. (12) Негізінен ол, бір айғай ғана. (13) Дереу сол уақытта олар майданда. (14) Саган Мұсаның хабары келді ме? (15)